



Мазмұны

1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	1
2-БАП. САҚТАНУШЫЛАР	2
3-БАП. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ	3
4-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ	3
5-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ	3
6-БАП. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ	5
7-БАП. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ	5
8-БАП. ФРАНШИЗА	6
9-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ	6
10-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ	7
11-БАП. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	8
12-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН КЕЗЕҢДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮ САЛДАРЫ	10
13-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ	10
14-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ	11
15-БАП. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ	12
16-БАП. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ НЕМЕСЕ ОДАН БАС ТARTУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ	12
18-БАП. САҚТАНУШЫНЫҢ ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАНДЫРУШЫҒА АУЫСУЫ (СУБРОГАЦИЯ)	13
19-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ	14
20-БАП. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР	15
21-БАП. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ	16

1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- Осы заңды тұлғалардың қарыздарын ерікті сақтандыру ережелерінің (бұдан әрі – сақтандыру ережелері) талаптарында «Еуразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандырушы) заңды тұлғалардың қарыздарын сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – сақтандыру шарты) жасасады. Осы сақтандыру ережелеріне сәйкес нысанасы ақша болып табылатын қарыздар ғана сақтандыруға қабылданады.
- Осы сақтандыру ережелерінде мынадай ұғымдар қолданылады:
 - Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан заңды тұлға. Бұл ретте нысанасы ақша болып табылатын, қарыз түрінде ақша тартуға тиісті лицензиясы жоқ заңды тұлға жасасқан және Сақтанушының алынбаған табыстарының өтемі ретінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру шарты жарамсыз болып табылады.
 - Қарыз алушы** – Сақтанушымен жасалған қарыз шарты бойынша қарыз беруші (Сақтанушы) меншігіне ақша берген тұлға.
 - Еңсерілмейтін күш мән-жайлары** – жер сілкінісі, су тасқыны, дауылдар, эпидемиялар, соғыстар, шет мемлекеттердің дұшпандық әрекеттері, әскери немесе соларға ұқсас операциялар (соғыс жарияланғанына не жарияланбағанына қарамастан), азаматтық соғыстар, бүліктер, локауттар, халық көтерілісі көлеміне жететін немесе соған ұласатын азаматтық тәртіпсіздіктер, бүліктер, азаматтық толқулар, әскери бүліктер, революциялар, билікті әскери басып алу немесе узурпациялау, радиоактивті сәулелену немесе атом отынын жағудан пайда болған радиоактивті отынмен не радиоактивті қалдықтармен ластану, тұрғын үйдің нарықтық құнының төмендеуіне себеп болатын мән-жайлар.
 - Міндеттеменің бұзылуы** – қарыз алушының қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындамауы, бұл қарыз алушының (немесе оның атынан әрекет ететін үшінші тұлғалардың) қарыз шартымен белгіленген мөлшерде және мерзімдерде негізгі борыштың бір бөлігін және/немесе (тиісті жағдайларда) сыйақының бір бөлігін өтеу ретінде үш дәйекті төлемді кредиторға төлемеуінен, не қарыз алушының кредиторға негізгі борышты және/немесе (тиісті жағдайларда) сыйақыны өтеу ретінде біржолғы



төлемді төлемеуінен көрініс табады. Міндеттеменің бұзылған күні – негізгі борыштың бір бөлігін және (тиісті жағдайларда) сыйақының бір бөлігін өтеу ретінде үшінші дәйекті төлем қарыз алушы тарабынан жасалуға тиіс болған күн.

- 5) **Сақтандыру объектісі** – қарыз алушының қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындамау тәуекеліне байланысты Сақтанушының мүліктік мүддесі.
- 6) **Сақтандыру жағдайы** – басталған кезде сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиға кездейсоқтық және оның басталу ықтималдығы белгілеріне ие болуы тиіс. Сақтандыру шартында Сақтандыру жағдайы ретінде көрсетілген оқиға мен Сақтанушыға келтірілген залалдар арасында тікелей себеп-салдарлық байланыс болуға тиіс.
- 7) **Сақтандыру төлемі** – Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.
- 8) **Сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтанушыға сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.
- 9) **Сақтандыру сомасы** – Сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және ол Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.
- 10) **Терроризм** – адамдардың қаза табу қаупін, елеулі мүліктік залал келтіруді не өзге де қоғамдық қауіпті зардаптардың туындауын тудыратын жарылыс, өрт қою немесе басқа да әрекеттерді жасау, егер бұл әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты қорқыту не мемлекеттік органдардың шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында жасалса (саяси себептер).
- 11) **Франшиза** – Сақтандыру жағдайынан келтірілген залалды өтеудегі Сақтанушының өзіндік қатысуы.
- 12) **Нақты залал** – құқығы бұзылған Сақтанушы шығарған немесе шығаруға тиіс шығыстар не жоғалған мүліктің нақты құны.
- 13) **Алынбай қалған пайда** – егер оның құқығы Қарыз алушы тарабынан бұзылмағанда, Сақтанушы әдеттегі айналым жағдайларында қарыз шарты бойынша алатын, бірақ алмаған табыстары.
- 14) **Қарыз (қарыз шарты)** – талаптарына сәйкес бір тарап (қарыз беруші) екінші тараптың (қарыз алушының) меншігіне (шаруашылық жүргізуіне, жедел басқаруына) ақша беретін, ал Қарыз алушы қарыз берушіге дәл сондай ақша сомасын уақтылы қайтаруға міндеттенетін шарт.
- 15) **Кредитор** – Қарыз алушының меншігіне (шаруашылық жүргізуіне, жедел басқаруына) ақша берген және міндеттеме бұзылған жағдайда соңғысынан талап ету құқығы бар қарыз беруші.
- 16) **Негізгі борыш сомасы** – Сақтанушының қарыз шарты бойынша Қарыз алушының меншігіне берген ақша сомасы. Негізгі борыш сомасына ешбір жағдайда қарыз сомасын пайдаланғаны үшін сыйақы, міндеттемелерді бұзғаны үшін санкциялар және т.б. кірмейді.
- 17) **КЖ және ТҚ** – қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру.

2-БАП. САҚТАНУШЫЛАР

1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы ретінде Қарыз алушы да, қарыз беруші (Кредитор) де бола алады.
2. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы Қарыз алушы болған жағдайда, Пайда алушы (сақтандыру төлемін алушы) қарыз беруші (Кредитор) болып табылады.
3. Сақтанушы сақтандыру шарты қолданылған кезеңде қайта ұйымдастырылған жағдайда, осы шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен тиісті құқықтық мирасқорға ауысады.



4. Сақтандыру шарты бойынша шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын азаматтар мен заңды тұлғалар үшін осы сақтандыру ережелерінде көзделген құқықтарды дәл сондай көлемде иеленуге және дәл сондай міндеттерді орындауға құқылы.

3-БАП. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

1. Сақтандыру объектісі – Қарыз алушының қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындамау тәуекеліне байланысты Сақтанушының мүліктік мүддесі.

4-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

1. Осы сақтандыру ережелеріне қатысты, өтеуге қаражаттың болмауы нәтижесінде қарыз алушының қарыз шарты бойынша төлем кестесін үш және одан да көп рет бұзуынан көрініс тапқан міндеттемені бұзуы салдарынан Кредитордың залалдарының туындауы Сақтандыру жағдайы болып табылады.

5-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

1. Егер Сақтанушының залалы Қарыз алушының міндеттемені төмендегі жағдайлардың салдарынан бұзуы нәтижесінде туындаса, ол Сақтандыру жағдайы болып табылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:
 - 1) соғыс; басып кіру; шетел мемлекетінің дұшпандық әрекеттері; әскери немесе соларға ұқсас операциялар (соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
 - 2) бүлік; ереуіл; локауттар; халық көтерілісі көлеміне жететін немесе соған ұласатын азаматтық тәртіпсіздіктер; көтеріліс; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; билікті әскери басып алу немесе узурпациялау; тәркілеу; реквизиция немесе мүлікті мемлекет меншігіне айналдыру;
 - 3) сақтандыру шарты жасалғанға дейін сақтандыру қорғанысы аумағы дүлей апат аймағы деп жарияланған жағдайда дүлей апаттар;
 - 4) радиоактивті сәулелену немесе атом отынын жағудан пайда болған радиоактивті отынмен не радиоактивті қалдықтармен ластану;
 - 5) Сақтандыру жағдайынан туындамаған шығыстар;
 - 6) Сақтанушының залалды болғызбау немесе азайту жөнінде шаралар қолданбауы, оның ішінде, ең алдымен, осы сақтандыру ережелерінде және/немесе сақтандыру шартында көзделген міндеттерді орындамауы;
 - 7) Сақтанушының, оның жұмыскерлерінің және аффилиирленген тұлғаларының Сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған немесе оның басталуына ықпал еткен қасақана әрекеттері (әрекетсіздігі);
 - 8) Сақтанушы әрекеттерінің Сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылуы;
 - 9) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарды (келісімдерді) жасасуы, ратификациялауы не мемлекеттік актінің, нормативтік-құқықтық (заңнамалық) актінің қабылдануы салдарынан Қарыз алушының міндеттемені бұзуы;
 - 10) Сақтанушының немесе Қарыз алушының құқыққа қайшы, заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі);
 - 11) сақтандыру шартының және/немесе ол бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы;
 - 12) мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың талап-арыздары;
 - 13) Қарыз алушының активтері мен өзге де ресурстарын қызметтік, жарғылық өкілеттіктеріне сүйене отырып пайдалану мүмкіндігі бар Қарыз алушының басшы қызметкерлерінің, құрылтайшыларының (акционерлерінің) көрінеу заңсыз не жеке пайда табуға бағытталған әрекеттері;



- 14) Сақтанушының сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер беруі, бұл Сақтандырушының осы сақтандыру шартын жасасу туралы шешіміне әсер еткен болса;
- 15) Сақтанушының сақтандыру тәуекелінің ұлғайғаны туралы Сақтандырушыға хабарламауы;
- 16) Кредитордың Қарыз алушының қарыз қаражатын нысаналы пайдалануын не оның төлем қабілеттілігінің жай-күйін сақтандыру шарты қолданылған кезеңде де, ол жасалған сәтте де тексеру фактісінің болмауы, не Сақтанушының ішкі ережелері мен ережелерінде белгіленген қарыз беру рәсімдерінің бұзылуы;
- 17) Сақтанушының оқиғаның мән-жайларын не Сақтанушының, Қарыз алушының, олардың аффилиирленген тұлғаларының, өкілдерінің, жұмыскерлерінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) қылмыстық жазаланатын не өзге де құқыққа қайшы іс-әрекет белгілерінің болуын құжаттау жөнінде шаралар қолданбауы;
- 18) Сақтанушының қарыз алушының негізгі борыштың кезекті бөлігін және/немесе ол бойынша сыйақыны өтеу ретінде кезекті жарнаны төлеуді кешіктіру фактілері туралы Сақтандырушыға сақтандыру шартында көрсетілген мерзімнен кеш не тиісінше хабарламауы;
- 19) Сақтандырушының Сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиғаның мән-жайларын тергеп-тексеруіне және ол келтірген залал мөлшерін анықтауына кедергі келтіру;
- 20) Сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиғаның Сақтанушы өкілдерінің, жұмыскерлерінің салғырттығы не олардың Сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған қасақана әрекеттері нәтижесінде басталуы;
- 21) Қарыз алушының Сақтанушы алдындағы, сондай-ақ Кредитор алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету болып табылатын кепіл нысанасының Сақтанушының, Қарыз алушының салғырт не құқыққа қайшы, не заңсыз әрекеттері нәтижесінде жойылуы, сондай-ақ Қарыз алушының Сақтанушы алдындағы міндеттемелерін орындауын кепілмен қамтамасыз етудің тиісінше ресімделмеуі;
- 22) Сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиғаның қарыз шарты талаптарының өзгеруі салдарынан басталуы, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыға хабарламаған болса;
- 23) мемлекеттік органдардың өкімі бойынша Қарыз алушы мүлкінің алып қойылуы, тәркіленуі, реквизициялануы, қамауға алынуы немесе жойылуы;
- 24) Қарыз алушының не Сақтанушының шарттарының заңнамаға сәйкес келмеуі;
- 25) Қарыз алушының Сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған әрекеттері (әрекетсіздігі), оның ішінде мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей:
 - Қарыз алушының өз міндеттемелерін тиісінше орындауға объективті мүмкіндігі бола тұра, қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы;
 - Қарыз алушының қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы алдындағы үш ай ішінде Қарыз алушының активтері қарыз берілген күнмен салыстырғанда 20%-дан астамға азайған болуы.
2. Осы сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру тек Сақтанушыға нақты залал келтіру жағдайларына ғана қолданылады. Сақтандырушы Сақтанушыға алынбай қалған пайданы, оның ішінде алынбаған сыйақыны қоса алғанда, өтеу мақсатында сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды.
3. Сақтандырушы мынадай мән-жайлар басталған кезде Сақтанушыға сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жасаудан бас тартуға құқылы:
 - 1) Сақтанушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан тиісті залал өтемін алуы;
 - 2) Сақтанушының Сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі әлдеқашан жүзеге асырылған болса, Сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы;
- 3) Сақтанушының осы сақтандыру ережелерінде немесе сақтандыру шартында көзделген өз міндеттерін орындамауы;



- 4) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.
4. Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға міндетті:
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі – ЖКЖҚТ тізбесі) болуы;
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының тиісті тексеру жүргізуі үшін сұратқан құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалып отыр деп пайымдауға негіздердің болуы.
5. Сақтандыру шартында Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулардың өзге тізбесі және сақтандырудың өзге шектеулері көзделуі мүмкін.
6. Егер Сақтанушы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген нормаларды бұзса, Сақтандырушы Сақтанушыны алдын ала хабардар ете отырып, бұзушылықтар туралы өзіне белгілі болған күннен бастап бір ай ішінде көрсетілген бұзушылықтар жойылғанға дейін сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауды тоқтатуға құқылы.

6-БАП. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы Сақтанушы мен Қарыз алушы арасында жасалған қарыз шарты бойынша негізгі борыш сомасы мөлшерінде айқындалады.
2. Егер сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы қарыз шарты бойынша негізгі борыш сомасынан төмен белгіленсе, сақтандыру төлемі мына формула бойынша есептелетін толық сақтандырмау коэффициентіне N түзетілуге (көбейтілуге) жатады:
$$N = (N2 / N1) \times 100\%$$

мұнда: $N2$ – сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы, $N1$ – қарыз шарты бойынша негізгі борыш сомасы.

7-БАП. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ

1. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасының бірлігінен алынатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі.
2. Сақтандырушы төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларына қарай базалық сақтандыру тарифтеріне жоғарылататын және төмендететін коэффициенттерді қолдануға құқылы: Қарыз алушының кредиттік тарихы, негізгі борыш сомасы, қарыз шарты бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері және басқалар.
3. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушы тарабынан біржолғы төлеммен немесе бөліп төлеу арқылы кезеңдік сақтандыру жарналары түрінде, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге жатады.
4. Егер Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында көзделген мерзімдерде төлемесе, Сақтандырушы сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға не оның қолданылуын сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) төленбеген сәттен бастап тоқтата тұруға құқылы, бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру шарты бұзылғанға дейін орын алған Сақтандыру жағдайлары үшін жауапты болмайды.
5. Егер оның қолданылуы Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының кезекті бөлігін төлемеуіне байланысты Сақтандырушы тарабынан тоқтатыла тұрса, сақтандыру шарты қайта жаңғыртылуы мүмкін. Бұл ретте сақтандыру шартының қолданылу мерзімі



ұзартылмайды. Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша оның қолданылуы тоқтатыла тұрған сәттен бастап қайта жаңғыртылған сәтке дейінгі кезеңде жауапты болмайды және тоқтатыла тұру кезеңінде болған Сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

8-БАП. ФРАНШИЗА

Сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру жағдайынан келтірілген залалды өтеуге Сақтанушының өзіндік қатысуы ретінде шартсыз немесе шартты франшиза көзделуі мүмкін. Франшиза сақтандыру сомасының пайызымен де, тіркелген сомамен де белгіленуі мүмкін. Франшизаның мөлшері сақтандыру шартында келісіледі:

- 1) шартсыз франшиза кезінде франшиза сомасына тең немесе одан аз залал өтелмейді, ал франшизаның белгіленген сомасынан көп залал залалдың толық сомасы мен франшиза сомасының арасындағы айырма мөлшерінде өтеледі;
- 2) шартты франшиза кезінде франшизаның белгіленген сомасына тең немесе одан аз залал өтелмейді, ал франшизаның белгіленген сомасынан көп залал залалдың толық сомасы мөлшерінде өтеледі.

9-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

1. Сақтандыру шарты Компанияның «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау ережелеріне» сәйкес тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттар ұсынылған кезде, Сақтанушының белгіленген нысандағы жазбаша өтініш-сауалнамасы негізінде жасалады.
2. Аталған өтініш-сауалнама сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.
3. Сақтандырушы өтініш-сауалнаманың нысанын және ол бойынша сұратылатын мәліметтерді өзгертуге құқылы.
4. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және ол басталғаннан туындауы мүмкін залалдардың мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) айқындау үшін елеулі мәні бар өзіне белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті. Мынадай мән-жайлар елеулі деп танылады:
 - 1) Сақтанушының атауы, заңды мекенжайы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
 - 2) қарыз шартының талаптары;
 - 3) қарыз шарты бойынша Қарыз алушы және Кредитор туралы мәліметтер (бұл мәліметтер банк құпиясына жатпайтын жағдайда);
 - 4) Қарыз алушының кредиттік тарихы (болған жағдайда);
 - 5) қарыз шарты бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері туралы мәліметтер (қажетті құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып);
 - 6) сақтандыру объектісі және сақтандыру сомасы туралы мәліметтер;
 - 7) сақтандыру аумағы туралы мәліметтер;
 - 8) шарттың және сақтандыру қорғанысы кезеңінің қолданылу мерзімі;
 - 9) Сақтандыру жағдайын көрсету;
 - 10) сақтандыру шарты жасалғанға дейінгі кемінде 3 жыл ішіндегі Сақтанушының Сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиғалар бойынша статистикасы.
5. Сақтанушы сондай-ақ сақтандырылатын тәуекелге қатысты сақтандыру тәуекелін айқындау мақсатында Сақтандырушы қойған сұрақтарға жауап беруге және Сақтандырушы сұратқан қосымша құжаттарды ұсынуға міндетті.
6. Сақтандыру тәуекелі туралы ақпараттың анықтығы мен дұрыстығы, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін шарттардың (кепіл, айыпақы және басқалар) жарамдылығы үшін жауапкершілік Сақтанушыға жүктеледі.



7. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға осы баптың 4-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.
8. Егер Сақтанушы жасырған мән-жайлар жойылып кеткен болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
9. Сақтандыру шарты жазбаша нысанда, тараптардың бір құжатты жасау жолымен не Сақтандырушы біржақты тәртіппен әзірлеген осы сақтандыру ережелеріне Сақтанушының қосылуы (қосылу шарты) және Сақтандырушының Сақтанушыға осы Сақтандыру ережелеріне №1 қосымша болып табылатын белгіленген нысандағы сақтандыру полисін беруі арқылы жасалады.
10. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру шартының Көшірмесін береді, содан кейін жоғалған сақтандыру шарты жарамсыз болып есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.
Сақтандыру полисінің бланкін дайындауға және оның Көшірмесін ресімдеуге жұмсалатын шығыстарды Сақтанушы өтейді, бұл ретте өтелетін шығыстардың жалпы сомасы өтініш берілген күнге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 1 (бір) айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

10-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

1. Сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын, ал оны бөліп төлеген жағдайда – бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
2. Сақтандыру шарты бірінші басталған Сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сәттен бастап өз қолданылуын тоқтатады.
3. Сақтандыру шарты бір жылдан аз мерзімге жасалған кезде сақтандыру сыйлықақысы жылдық сыйлықақының мынадай мөлшерлерінде белгіленеді (толық емес ай толық ай деп есептеледі):

Мерзімі	1 ай және одан аз	2 ай	3 ай	4 ай	5 ай	6 ай	7 ай	8 ай	9 ай	10 ай	11 ай
Жылдық сақтандыру сыйлықақысынан %	20	25	40	50	60	70	75	80	85	90	95

4. Бір жылдан астам мерзімге сақтандырған кезде сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы әрбір жыл үшін сақтандыру сыйлықақыларының жиынтығы ретінде белгіленеді. Бұл ретте толық емес жыл үшін сақтандыру сыйлықақысы мына формула бойынша есептеледі:

Птол.ем. = СТ × (М / 12), мұнда:

Птол.ем. – толық емес жыл үшін сақтандыру сыйлықақысы (бір жылдан астам мерзімге сақтандырған кезде);

СТ – сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру тарифі;

М – толық емес жылдағы сақтандыру қорғанысы айларының саны.

5. Сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағына таралады. Сақтандырушымен келісу бойынша сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы өзге елдердің аумақтарында да берілуі мүмкін.
6. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.



11-БАП. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушының құқықтары:
 - 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат беруді талап етуге;
 - 2) сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасы (жауапкершіліктің шекті көлемі) шегінде шығындардың өтелуіне;
 - 3) сақтандыру ережелерінде көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.
2. Сақтанушының міндеттері:
 - 1) Сақтандырушы Сақтанушыға тиісті тексеру жүргізу шеңберінде сұратқан барлық құжаттарды ұсынуға;
 - 2) сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдау үшін елеулі мәні бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
 - 3) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру объектісіне қатысты басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және/немесе жасалып жатқан барлық сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
 - 4) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
 - 5) сақтандыру шартында белгіленген мерзімде Сақтандыру жағдайы басталғаны туралы Сақтандырушыны жазбаша хабардар етуге;
 - 6) Сақтандыру жағдайынан келтірілетін залалдарды болдырмау немесе азайту үшін барлық мүмкін және орынды шараларды қабылдауға;
 - 7) Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы пайым жасауға мүмкіндік беретін барлық қолындағы ақпаратты ұсынуға;
 - 8) Сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
 - 9) сақтандыру шартының талаптарын, сондай-ақ оны Сақтандырушымен жасасу фактісін үшінші тұлғаларға жария етпеуге;
 - 10) қарыз шарты бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелердің кез келген бұзылуы туралы Сақтандырушыны жазбаша хабардар етуге;
 - 11) қарыз шарты бойынша Қарыз алушы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін шарттарды іске асыру рәсімдеріне Сақтандырушыны тартуға (кепіл нысанасын сату, кепілдіктер мен кепілгерліктерді орындау және т.б.);
 - 12) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, Сақтандырушы немесе үшінші тұлға жинауына және өңдеуіне келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы оларды одан әрі сақтауға қажеттілік жойылғанға дейін айқындайды және ол 10 жылды құрайды. Дербес деректер Қоғамның немесе үшінші тұлғаның Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау мақсатында, сондай-ақ жалпы Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.
 - 13) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорлар мен картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды.
 - 14) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан оның дербес деректерін өңдеуге, оның ішінде трансшекаралық беруге, сондай-ақ жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорлар мен картотекаларда таратуға, оның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісім алуға міндетті.
 - 15) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушы немесе үшінші тұлға өңдеуіне келісімінің болмауы үшін, оның ішінде



дербес деректерді трансшекаралық беруге және оларды жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорлар мен картотекаларда таратуға, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімнің болмауы жағдайлары үшін жауапты болады.

- 16) деректерді жинауға және өңдеуге келісімге мыналар кіреді:
 - атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе));
 - бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі);
 - субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);
 - дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім қолданылатын мерзім немесе кезең;
 - оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе оның болмауы туралы мәліметтер;
 - оларды өңдеу процесінде дербес деректерді трансшекаралық берудің бар немесе жоқ екендігі туралы мәліметтер;
 - дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде тарату туралы мәліметтер;
 - дербес деректер субъектісіне қатысты жиналатын деректердің тізбесі.
 - 17) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының және олардың серіктестерінің жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де дерекқорлар мен картотекаларда, әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, мобильдік қосымшаларда сақталатын дербес деректерін Сақтандырушы немесе үшінші тұлға жинауына және өңдеуіне келісімін растайды.
3. Сақтандырушының құқықтары:
 - 1) өзіне ұсынылатын ақпарат пен құжаттарды тексеруге;
 - 2) Сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау салулар жіберуге;
 - 3) Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайының фактісін және оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
 - 4) Сақтанушының Сақтандыру жағдайы туралы белгіленген мерзімде хабарламауы және осы сақтандыру ережелерінде көзделген өзге де негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға;
 - 5) тәуекел дәрежесі ұлғайған жағдайда сақтандыру шарты талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына сәйкес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;
 - 6) қарыз шарты бойынша Қарыз алушы міндеттемелерін қамтамасыз ету құралдарын іске асыру рәсіміне қатысуға (кепілді сату, кепілдіктер мен кепілгерліктерді орындау);
 - 7) осы сақтандыру ережелерінде көзделген өзге де әрекеттерді жасауға;
 - 8) клиенттерге тиісті тексеру жүргізу үшін Сақтанушыдан қажетті құжаттарды талап етуге.
 4. Сақтандырушының міндеттері:
 - 1) Сақтанушыны осы сақтандыру ережелерімен таныстыруға;
 - 2) Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
 - 3) Сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін Сақтанушы шеккен ақылға қонымды және орынды шығыстарды өтеуге;
 - 4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
 - 5) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды



қаржыландыруға байланысты тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі – ЖҚЖҚТ тізбесі) болуы;

- Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының тиісті тексеру жүргізуі үшін сұратқан құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
- ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалып отыр деп пайымдауға негіздердің болуы.

12-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН КЕЗЕҢДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮ САЛДАРЫ

1. Сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде Сақтанушы Сақтандырушыға шарт жасасу кезінде хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына айтарлықтай әсер етуі мүмкін болса, дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті.
2. Осы Сақтандыру ережелерінде елеулі деп танылған мән-жайлардың өзгерістері кез келген жағдайда маңызды болып танылады.
3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына пропорционалды қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы осы Сақтандыру ережелерінің 20-бабына сәйкес шартты бұзуды талап етуге құқылы.
4. Осы баптың 1-тармағында көзделген міндеттерді Сақтанушы орындамаған жағдайда, Сақтандырушы шартты бұзуды және шартты бұзудан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы. Сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соққан мән-жайлар жойылған болса, шартты бұзуды талап етуге құқылы емес.

13-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

1. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ одан келтірілген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі. Бұл ретте Пайда алушы (кредитор) сақтандыру шартымен көзделген сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талапты Сақтандырушыға қоюға құқылы.
2. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталғанда және/немесе оның салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін болғанда, Сақтанушы міндетті:
 - 1) туындаған жағдайға байланысты талап қоюға немесе талап-арыз беруге негіз болуы мүмкін оқиғамен байланысты залалдарды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды дереу қабылдауға;
 - 2) оқиғаны уәкілетті органдарда құжаттық ресімдеуді қамтамасыз етуге;
 - 3) сақтандыру оқиғасының мән-жайларын мемлекеттік және өзге де құзыретті органдармен құжаттық ресімдеу кезінде жәрдем көрсетуге;
 - 4) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда ол міндеттеменің бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған сәттен бастап 3 (үш) тәуліктен кешіктірмей (мереке және демалыс күндерін қоспағанда), сақтандыру оқиғасының басталғаны туралы Сақтандырушыны немесе оның уәкілетті өкілін хабардар етуге, оқиғаның мән-жайлары, келтірілген залалдың түрлері мен болжамды мөлшері туралы өзіне белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға, Сақтандырушымен одан әрі әрекеттерді келісуге, сондай-ақ жазбаша өтініш ұсынуға;
 - 5) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді Сақтандырушыға ұсынуға.
3. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға және/немесе оның салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға туралы белгіленген мерзімде хабарламау Сақтандырушыға сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.



4. Сақтанушы сақтандыру жағдайы бойынша барлық кейінгі ақпаратты хабарлауға және Сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге міндетті.
5. Сақтанушы Сақтандырушының сұратуы бойынша сақтандыру жағдайына қатысты мәліметтерді, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді ұсынуға міндетті.
6. Сақтанушы Сақтандырушының талабы бойынша дауларды сотқа дейінгі және сот тәртібімен реттеу кезінде өз өкілеттіктерін Сақтандырушыға беруге міндетті.
7. Сақтанушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттер жасамауға, сондай-ақ қандай да бір міндеттемелер қабылдамауға; Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз қандай да бір ұсыныстарды қабылдамауға міндетті.

14-БАП. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

1. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ одан келтірілген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.
2. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы құжаттық түрде дәлелдеуге міндетті:
 - 1) сақтандыру жағдайының басталғанын;
 - 2) келтірілген залал мөлшерін.
3. Сақтандыру жағдайының басталғанын дәлелдеу үшін Сақтанушы құжаттық түрде дәлелдеуге міндетті:

Қарыз алушының қарыз шарты бойынша міндеттемелерін бұзуы. Қарыз алушының қарыз шарты бойынша міндеттемелерін бұзғанын дәлелдеу үшін мыналар ұсынылуы тиіс:

 - кредитордың мөрімен расталған қарыз алушының жеке шотынан үзінді көшірмелер (ай сайын, кешіктіру айларын қоса алғанда);
 - қарыз алушыға жіберілген, қарыз шарты бойынша бұзушылықтар туралы хабардар ету мақсатындағы хаттар, талаптар және олардың жіберілгенін растайтын құжаттар;
 - қарыз алушыдан алынған, қарыз шартының бұзылу себептерін түсіндіретін құжаттар.
4. Келтірілген залал мөлшерін дәлелдеу үшін Сақтанушы мыналарды ұсынуға міндетті:
 - 1) қарыз алушының кредиттік ісін құрайтын құжаттардың көшірмелері (болған жағдайда), сондай-ақ:
 - қарыз шарты;
 - кредиторлармен және/немесе үшінші тұлғалармен қарыз алушының міндеттемелерін қамтамасыз ету мақсатында жасалған шарттар;
 - үшінші тұлғалардың кепілдіктері немесе кепілгерліктері (болған жағдайда);
 - қарыз алушының (қарыз алушылардың) жеке куәлігі, қарыз алушының құрылтай құжаттары;
 - Қазақстан Республикасының салық төлеуші куәлігі;
 - кредитор растаған, қарыз алушының негізгі борышты және сыйақыны өтеу ретінде енгізген төлемдерінің саны мен мөлшері туралы анықтама, оған Сақтанушы растаған төлем құжаттарының көшірмелері қоса беріледі.
 - 2) сақтандыру шартының түпнұсқасы;
 - 3) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы өтініш;
 - 4) қарыз алушының міндеттемелерін қамтамасыз ету шарттарын іске асыру нәтижесінде кредитордың ақша алғанын растайтын төлем құжаттары (кепілдіктерді іске асыру, кепілдерді өткізу және т.б.).
5. Сақтанушы жүргізген есептеулер Сақтандырушы үшін міндетті болып табылмайды. Сақтандырушы өз есептеулерін жүргізуге құқылы.
6. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға туралы өтініштің және тиісті құжаттардың Сақтандырушыға келіп түсу фактісі Сақтандырушының уәкілетті қызметкерінің немесе өкілінің қолхатымен расталады.
7. Оқиға туралы неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында Сақтандырушы құзыретті органдардан (ішкі істер органдары, төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік орган, өрт



қадағалау органдары, авариялық-құтқару қызметтері), кәсіпорындардан, мекемелерден және ұйымдардан ақпарат сұратуға, сондай-ақ оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға құқылы.

8. Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың толық емес пакетін ұсынған жағдайда, Сақтандырушы соңғы құжатты алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтанушыны хабардар етеді.

15-БАП. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

1. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтанушыдан жазбаша хабарлама алғаннан кейін Сақтандырушы мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:
 - 1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін анықтайды; Сақтанушының өтінішінде көрсетілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; залал келтірілген оқиғаның пайда болу фактісі мен себептерін анықтайды; сарапшыларды, авариялық комиссарларды тарту қажеттілігін айқындайды, өзге де әрекеттерді жүзеге асырады;
 - 2) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.
2. Сақтандыру төлемі Сақтанушы ұсынған, осы Сақтандыру ережелерінің 14-бабында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ қажетті құжаттар ұсынылғаннан кейін Сақтандырушы немесе оның өкілі жасаған сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде жүзеге асырылады.
3. Сақтанушы сақтандыру жағдайына байланысты залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында жұмсаған шығындары, егер мұндай шығындар қажетті болған немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалған болса, тиісті шаралар нәтижесіз болған жағдайда да Сақтандырушы тарапынан өтелуге жатады.
4. Мұндай шығындар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығындарды өтеудің жалпы сомасы сақтандыру шартымен көзделген сақтандыру сомасынан (жауапкершіліктің шекті көлемінен) аспауға тиіс. Егер шығындар Сақтандырушының нұсқауларын орындау нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық көлемде өтеледі.
5. Сақтандырушы Сақтанушы ықтимал залалдарды азайту үшін өзіне қолжетімді ақылға қонымды және мүмкін шараларды қасақана қолданбаған жағдайда туындаған залалдар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.
6. Сақтандырушы жүзеге асыратын сақтандыру төлемінің мөлшері мынадай формула бойынша айқындалады:

$$V = Z - P - K, \text{ мұнда:}$$

V – сақтандыру төлемінің мөлшері

Z – қарыз шарты бойынша негізгі борыш

P – қарыз алушы негізгі борышты өтеу ретінде енгізген төлемдердің сомасы

K – қарыз алушының қарыз шарты бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету шарттарын іске асыру нәтижесінде кредитор алған ақша (кепілді өткізу, кепілдіктер мен кепілгерліктерді орындау және т.б.)

16-БАП. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ НЕМЕСЕ ОДАН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ

1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін қажетті барлық құжаттарды алғаннан кейін жиырма күн мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды және бұл туралы Сақтанушыға жазбаша түрде хабарлайды. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себептерін негіздеп көрсетеді.



2. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылданғаннан кейін жиырма күн ішінде Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
3. Сақтандыру төлемін уақытында жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапты болады.
4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы Сақтанушы тарапынан сот тәртібімен шағымдануы мүмкін.
5. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы қабылдаған тәуекелдер қайта сақтандырылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушы алдында толық көлемде жауапты болып қала береді, алайда сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі оның міндеті қайта сақтандырушыдан ақша алғаннан кейін туындайды.

17-БАП. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы, егер сақтандыру жағдайы:
 - 1) Сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал еткен қасақана әрекеттерінің нәтижесінде туындаса, қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда;
 - 2) Сақтанушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен қасақана қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған және сақтандыру жағдайымен себеп-салдарлық байланыста болатын әрекеттерінің нәтижесінде туындаса.
2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер сондай-ақ мыналар болуы мүмкін:
 - 1) Сақтанушының сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
 - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан келтірілген залалды азайту шараларын қасақана қабылдамауы;
 - 3) Сақтанушының залалды келтірген тұлғадан тиісті өтемақы алуы;
 - 4) Сақтанушының сақтандыру жағдайының мән-жайларын анықтауға және келтірілген залал мөлшерін белгілеуге Сақтандырушыға кедергі келтіруі;
 - 5) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеуі;
 - 6) Сақтанушының осы Сақтандыру ережелерінде көзделген міндеттерді бұзуы;
 - 7) Сақтанушының сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға қатысты өз талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ бұл құқықтың Сақтандырушыға өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы.

18-БАП. САҚТАНУШЫНЫҢ ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАНДЫРУШЫҒА АУЫСУЫ (СУБРОГАЦИЯ)

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде Сақтанушының залал үшін жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығы ауысады.
2. Сақтандырушыға ауысқан талап ету құқығы Сақтанушы мен залал үшін жауапты тұлға арасындағы қатынастарды реттейтін қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.
3. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттарды және дәлелдемелерді беруге, сондай-ақ Сақтандырушының өзіне ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
4. Егер Сақтанушы Сақтандырушы өтеген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты өз талап ету құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру Сақтанушының кінәсінен мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.



19-БАП. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ

1. Егер сақтандыру шартымен өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты мынадай жағдайларда өз күшін тоқтатады:
 - 1) Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындағанда;
 - 2) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанда;
 - 3) заңды тұлға болып табылатын Сақтанушы таратылған жағдайда, егер Сақтандырылған тұлға сақтандыру сыйлықақысын төлеу жөніндегі міндеттерді өзіне қабылдамаған болса;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушы таратылған жағдайда;
 - 5) соттың сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешімі қабылданғанда.
 2. Тараптар сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптар бір-бірін шарт тоқтатылатын болжамды күнге дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті, егер сақтандыру шартымен өзгеше көзделмесе.
 3. Егер сақтандыру шарты мынадай мән-жайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса:
 - 1) сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатқан жағдайда;
 - 2) Сақтанушы мүліктік сақтандыру объектісін иеліктен шығарған кезде, егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса;
 - 3) өзінің кәсіпкерлік тәуекелін сақтандырған Сақтанушының кәсіпкерлік қызметі белгіленген тәртіппен тоқтатылған жағдайда;
 - 4) сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылып, сақтандыру тәуекелі сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтатылған жағдайда;
 - 5) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда;
 - 6) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларда;
 - 7) мынадай жағдайларда:
 - Сақтанушыны, Сақтандырылған тұлғаны және Пайда алушыны тиісті тексеру бойынша шараларды қабылдау мүмкін болмаған кезде;
 - іскерлік қатынастар ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылып отыр деп пайымдауға негіздер болған кезде. Бұл жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыны жазбаша хабардар ету арқылы Шартты бұзуды жүзеге асырады.
- Сақтандыру шарты осы тармақта көзделген Шартты тоқтатуға негіз болған мән-жай туындаған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге міндетті.
4. Осы бөлімнің 3-тармағында көрсетілген оқиғалар басталған кезде Сақтандырушы сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін, сақтандыру шартын жасасуға байланысты әкімшілік шығындарды (оған: сақтандыру шарты бойынша табыс салығы, агенттік сыйақы және осы сақтандыру шартына қызмет көрсететін менеджердің сыйақысы кіреді) шегере отырып, жалпы сақтандыру сыйлықақысының 25 % мөлшерінде ұстап қалып, қайтарып береді.
 5. Сақтанушы сақтандыру шартынан бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы шарттан бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушыға толық көлемде төлеуге, сондай-ақ сыйлықақыны уақтылы төлемегені үшін әрбір кешіктірілген күн үшін төленуге тиіс сақтандыру сыйлықақысының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.



6. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамауға байланысты болған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға төленген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.

20-БАП. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

1. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар тек Сақтандыру шартын бұзу және жаңа шарт жасасу арқылы енгізілуі мүмкін.
2. Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз Сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға бере алмайды.
3. Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (тұлғалардың) Шарт жасасуға келісімін алғанын растайды. Сақтанушы Сақтандырушының келісімімен Сақтандырылған тұлғаны (тұлғаларды) өзгертуге құқылы. Бұл ретте Сақтандырылған тұлғаның (тұлғалардың) ауыстыруға келісімі талап етілмейді.
4. Шарт бойынша жауапкершілікті сақтандыру келесі оқиғалардың әсерінен немесе олардың болуына байланысты тікелей немесе жанама туындаған жағдайда қамтылмайды:
 - 1) кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруларының және өзге де құралдардың/жабдықтардың, машиналардың, кемелердің/өзге де жүзу құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, соғысқа, әскери әрекеттерге, арнайы операцияларға, бітімгершілік акцияларға, кез келген қақтығыстарға, толқуларға, жаппай тәртіпсіздіктерге, революцияларға, төңкерістерге, билікті құлатуға, оккупацияға, интервенцияларға және өзге де ұқсас әрекеттерге арналған немесе қолданылатын техникалық құралдардың әсері;
 - 2) кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруларының және өзге де құралдардың/жабдықтардың, машиналардың, кемелердің/өзге де жүзу құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, соғысқа, әскери әрекеттерге, арнайы операцияларға, бітімгершілік акцияларға, кез келген қақтығыстарға, толқуларға, жаппай тәртіпсіздіктерге, революцияларға, төңкерістерге, билікті құлатуға, оккупацияға, интервенцияларға және өзге де ұқсас әрекеттерге арналған немесе қолданылған немесе қолданылғаннан кейін қалған техникалық құралдардың әсері, сондай-ақ осындай әрекеттер нәтижесінде залалсыздандырылмаған құралдардың әсері.
5. Шарт бойынша келесі жағдайларда тікелей немесе жанама туындаған жауапкершілік сақтандырылмайды:
 - 1) соғыс жарияланғанына қарамастан әскери әрекеттер;
 - 2) мемлекеттік органдар, әскери қызметшілер, әскери міндеттілер, жалдамалы әскерлер, бітімгерлер жүргізетін кез келген арнайы операциялар;
 - 3) жаппай тәртіпсіздіктер, революциялар, қақтығыстар, толқулар, оккупациялар, интервенциялар, локауттар, ереуілдер, митингілер;
 - 4) терроризмге қарсы операциялар;
 - 5) бітімгершілік операциялар;
 - 6) төтенше жағдай;
 - 7) коменданттық жағдай;
 - 8) әскери жағдай;
 - 9) қозғалысты шектеу режимдері;
 - 10) жаппай тонау, қарақшылық, ұрлық, бұзақылық жағдайлары.
6. Шарт бойынша сақтандыру қорғанысы келесі жағдайларда туындаған залалға немесе шығынға қолданылмайды:
 - 1) кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе іс жүзіндегі), не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының сақтандырылған мүлікті



тәркілеуі, ұлттандыруы, басып алуы, ұстап қалуы, қамауға алуы, жоюы, иемденуі немесе реквизициялауы;

- 2) кез келген өзге жағдайларға қарамастан, егер мұндай сақтандыру, төлем, қызмет немесе Сақтанушының кез келген қызметі қолданылатын санкциялар туралы заңнаманы бұзатын болса, сақтандыру қолданылмайды және Сақтандырушы ешқандай төлем жасамайды.

7. Тараптар OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания тарапынан Украина аумақтық тұтастығына, егемендігіне және тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін немесе қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары бойынша санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның: аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыны қарапайым жазбаша хабардар ету арқылы Шартты мерзімінен бұрын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы екендігімен келіседі. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шартында көрсетілген мекенжайға электрондық пошта арқылы немесе пошта арқылы хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі.

8. Тараптар осы Ережелердің осы бабының 7-тармағына сәйкес Шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңіне пропорционалды түрде пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Шарттың тоқтатылған күнінен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынымен келіседі.

9. Тараптар OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания тарапынан Украина аумақтық тұтастығына, егемендігіне және тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін немесе қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары бойынша санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның: аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қолданылған жағдайда, Сақтандырушы осы Шарт бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынымен келіседі, оның ішінде санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін басталған оқиғалар бойынша да.

10. Тараптар осы Ережелердің осы бабының 8-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзу кезінде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі жүзеге асырылмаған жағдайда, Сақтандырушы тұрақсыздық айыбын төлемейтінін және Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға қандай да бір залалдарды өтемейтінін келіседі.

21-БАП. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

1. Сақтандыру шарты бойынша туындайтын даулар Сақтандырушы мен Сақтанушы (Пайда алушы) арасында келіссөздер арқылы қаралады.
2. Келіссөздер арқылы реттелмеген даулар Алматы қаласының тиісті сотында қаралады. Егер шарттың тарапы заңды тұлға болса, дау Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралады, ал егер шарттың тарапы жеке тұлға болса, дау Сақтандырушының орналасқан жері бойынша сотта қаралады.



**Занды түлгалардың қарыздарын ерікті сақтандыру ережелеріне
№1 қосымша**

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСИ/ СТРАХОВОЙ ПОЛИС

№ _____

Осы сақтандыру полисі «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ уәкілетті органмен келісілген заемдарды сақтандыру Ережесіне
Настоящий страховой полис является договором присоединения к Правилам страхования займов юридических лиц

САҚТАНДЫРУ СЫНЫБЫ / КЛАСС СТРАХОВАНИЯ	Занды түлгалардың қарыздарын сақтандыру Страхование займов юридических лиц	
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ / ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ		
САҚТАНДЫРУШЫ / СТРАХОВЩИК	«Евразия» СК» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 59. тел.: (727) 258 43 36; факс: 258 43 38, «Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы, БСН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURIKZKA / АО «СК «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59. тел.: (727) 258 43 36, факс: 258 43 38, БИН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в Филиале №6 АО «Евразийский банк» г.Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA	
САҚТАНУШЫ (атауы, БСН, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ), экономикалық қызмет түрі (ЭКТ), мекен-жайы, телефоны банктік деректемелері) / СТРАХОВАТЕЛЬ (наименование, БИН, код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР), вид экономической деятельности (ВЭД), адрес, телефон, банковские реквизиты)		
САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҮЛҒА / ЗАСТРАХОВАННЫЙ		
ПАЙДА АЛУШЫ / ВЫГ ОДОПРИБРЕТАТЕЛЬ		
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ / ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ	Имущественный интерес страхователя, связанный с риском неисполнения заемщиком обязательств по договору займа.	
САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ / СТРАХОВАЯ СУММА		САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ / СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ
САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ / СТРАХОВОЙ СЛУЧАЙ	Страховым случаем является возникновение убытков кредитора в результате нарушения обязательства заемщиком по договору займа.	
ФРАНШИЗА / ФРАНШИЗА	_____, в размере _____ % от страховой суммы. Франшиза — предусмотренное условиями страхования освобождение страховщика от возмещения ущерба, не превышающего определенного размера.	
САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ ВАЛЮТА ТҮРІ, ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ / ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ		
САҚТАНДЫРУ АЙМАҒЫ / ТЕРРИТОРИЯ ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА		
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ / СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	с «__» _____ 20__ года по «__» _____ 20__ года. обе даты включительно	
ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР / ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ		
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ / ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ	Страховщик, после получения всех необходимых документов для принятия решения о страховой выплате, в течение 20 (двадцать) дней, либо в срок, определенный соглашением сторон, принимает решение о страховой выплате либо об отказе в страховой выплате, о чем сообщает страхователю (застрахованному) в письменной форме. Страховщик осуществляет страховую выплату выгодоприобретателю в течение 20 (двадцать) дней после вынесения решения о страховой выплате.	
ПОЛИСІНІҢ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ТӘРТІБІ / СЛУЧАИ И ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В УСЛОВИЯ ПОЛИСА	Внесение изменений и дополнений в настоящий страховой полис производится по обоюдному согласию сторон, на основании письменного заявления (уведомления) одной из сторон. Если какая-либо сторона не согласна на внесение изменений и дополнений в настоящий страховой полис, в пятитдневный срок решается вопрос о продолжении действия настоящего страхового полиса на прежних условиях или о прекращении настоящего страхового полиса. Изменения и дополнения к настоящему страховому полису оформляются путем расторжения и заключения нового страхового полиса.	

Комиссиялық сыйақы. Комиссионное вознаграждение – нә/да,нет/жок.

Сақтандыру талаптарымен таныстым, өзім хабарлаған мәліметтердің шынайылығын растаймын, полисті алдым.
С условиями страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис получен.

Сақтандырушы (немесе оның өкілі)/
Страховщик (или его представитель):
АО «Страховая компания «Евразия»

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)
М.П.

Если подписант агент
Агент (ФИО/Наименование)
Адрес (если агент юридическое лицо)
ИИН/БИН
телефон

Сақтанушы / Страхователь:

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)
М.П.

Берілген күні / Дата выдачи: «__» _____ 20__ ж./г.



ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушы құқылы:

- 1) сақтандырушыға оның қаржылық тұрақтылығы және төлем қабілеттігі бойынша ақпарат талап ету;
- 2) сақтандыру жағдайы басталғаннан бастап осы сақтандыру полисінде белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінде (жауаптылығының шекті көлемінде) сақтандыру төлемін алуға;
- 3) өз құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғауға;
- 4) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға;
- 5) сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту жөніндегі шешіміне дау айтуға;
- 6) сақтандыру полисін жоғалтып алған жағдайда, сақтандыру ережелерімен белгіленген тәртіпте оның дубликатын алуға;
- 7) басқа да сақтандыру ережелерінде көзделген әрекеттерге ие.

2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандырушы сұраған барлық құжаттарды Сақтанушыға тиісті тексеру жүргізу аясында беру;
- 2) Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдылығын және оның басталуынан мүмкін болатын залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар белгілі болған мән-жайлар туралы хабарлау.
- 3) дереу, Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы, сонымен қатар Шартты жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы оған белгілі болған маңызды өзгерістер туралы хабарлау, егер бұл өзгерістер Шарттың әрекет ету кезіндегі сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін болса. Шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгерістер маңызды болып танылады;
- 4) полисті жасасу алдында сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін оған белгілі барлық мәліметтерді хабарлау және осыған сәйкес сақтандырушының сақтандыру полисін жасасу туралы шешім қабылдауы;
- 5) осы сақтандыру полисі бойынша сақтандыру объектісіне тиісті басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалынатын сақтандыру шарттары туралы жазбаша хабарлау;
- 6) осы сақтандыру полисінде белгілеген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
- 7) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы кідіріссіз, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы жобіріленушіге хабарлауға;
- 8) сақтандыру жағдайынан туатын залалдарды азайту үшін немесе тоқтату үшін мүмкін болатын және нысаналы шаралардың барлығын қолдануға;
- 9) сақтандырушыға сақтандыру оқиғасына байланысты барлық ақпаратты ұсыну келтірілген шығындың көлемі мен сипатын себептері мен жағдайын ұсыну;
- 10) сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;
- 11) сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оның келтірген залалын дәлелдеуге;
- 12) өзінің қайта ұйымдастырылуы және таратылуы туралы сақтандырушыға уақтылы хабарлауға;
- 13) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығының ауысуын қамтамасыз ету.

3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) берілген хабарды және құжаттарды тексеруге;
- 2) сақтандыру жағдайының белгісі бар кез-келген сақтандыру оқиғасы басталған сәттен бастап өз бетінше оқиғаның себебін анықтау, сонымен бірге құзыретті органдарға сұраныс жіберу;
- 3) сақтандыру оқиғасының фактісін анықтау үшін (шығу себебі) сақтанушыдан немесе сақтандырылушыдан ақпарат талап ету;
- 4) осы сақтандыру полисінде белгіленген мерзімде, сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы хабарламаған жағдайда және басқа да Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту;
- 5) сақтандыру тәуекелін ұлғайған жағдайда, сақтандыру полисінің жағдайын өзгертуге немесе тәуекелдің ұлғаю мөлшері бойынша қосымша сақтандыру сыйақыны төлеткізуге талап ету;
- 6) сақтандыру жағдайларының алдын алу жөнінде ұсынымдар беруге;
- 7) басқа да сақтандыру ережелерінде көзделген әрекеттерге ие.

4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) сақтанушының сақтандыру ережелерімен таныстыруға;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы сақтандыру полисінде және сақтандыру ережесінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 3) өз қызметінің нәтижесінде сақтанушы туралы алынған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- 4) сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда сақтанушыға бас тартудың дәлелді негізделген себептерін жазбаша нысанда жіберуге;
- 5) сақтанушының сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін жұмсалған шығыстарын өтеуге;
- 6) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 7) Мына жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тарту:
 - Сақтанушының/ сақтандырылушының/ пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша - ЖҚКТК тізбесі) болуы;
 - Сақтанушы/ сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбаған;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция АЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.
5. Сақтанушы, осы Сақтандыру шартына қол қойып, тәуекелдердің алдын алуға және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екендігін растайды.
6. Осы сақтандыру полисінде реттелмеген сұрақтар бойынша тараптар «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ қарыздық сақтандыру ережелерін басшылыққа алады.

ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

1. Страхователь имеет право:

- 1) требовать от страховщика предоставление информации об его платежеспособности и финансовой устойчивости;
- 2) получить страховую выплату при наступлении страхового случая в пределах указанного в настоящем страховом полисе размера страховой суммы (предельного объема ответственности);
- 3) защищать свои права и законные интересы в судебном порядке;
- 4) привлекать независимого эксперта для оценки страхового риска;
- 5) оспорить решение страховщика об отказе в осуществлении страховой выплаты или уменьшении ее размера;
- 6) при утере страхового полиса получить его дубликат в порядке, предусмотренном правилами страхования;
- 7) совершать иные действия, предусмотренные правилами страхования.

2. Страхователь обязан:

- 1) предоставить все документы, запрашиваемые Страховщиком, в рамках проведения последним надлежащей проверки страхователя;
- 2) сообщить об известных обстоятельствах, имеющие существенное значение для определения вероятности наступления страхового случая и размера возможных убытков от его наступления;
- 3) незамедлительно, сообщать Страховщику об увеличении страхового риска, а также о ставших ему известными значительных изменениях в обстоятельствах, сообщенных страховщику при заключении Договора, если эти изменения могут повлиять на увеличение страхового риска в период действия Договора. Значительными признаются любые изменения в обстоятельствах, сообщенных Страховщику при заключении Договора;
- 4) при заключении настоящего страхового полиса сообщить страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих существенное значение для оценки страхового риска и принятия страховщиком решения о заключении страхового полиса;
- 5) письменно сообщать страховщику обо всех заключенных и/или заключаемых договорах страхования с другими страховыми компаниями;
- 6) уплачивать страховые премии в размере, порядке и сроки, установленные настоящим страховым полисом;
- 7) незамедлительно, но не позднее трех рабочих дней, письменно уведомить страховщика о наступлении страхового случая;
- 8) предпринимать все возможные и целесообразные меры по предотвращению или уменьшению убытков от страхового случая;
- 9) предоставлять страховщику всю имеющуюся у него информацию, позволяющую судить о причинах, ходе и последствиях страхового случая, характере и размерах причиненного убытка;
- 10) осуществлять мероприятия, направленные на предупреждение страховых случаев;
- 11) доказывать наступление страхового случая, а также причиненных им убытков;
- 12) своевременно сообщать страховщику о своей реорганизации или ликвидации;
- 13) обеспечить переход к страховщику права требования к лицу, ответственному за наступление страхового случая.

3. Страховщик имеет право:

- 1) проверять предоставляемую ему информацию и документы;
- 2) самостоятельно выяснять причины и обстоятельства события, имеющего признаки страхового случая, в том числе направлять запросы в компетентные органы;
- 3) требовать от страхователя информацию, необходимую для установления факта страхового случая, обстоятельств его возникновения;
- 4) отказываться в страховой выплате в случае несообщения страхователем о наступившем страховом случае в установленный настоящим полисом срок;
- 5) в случае увеличения степени риска потребовать изменения условий договора страхования или уплаты дополнительной страховой премии соразмерно увеличению риска;
- 6) давать рекомендации по предупреждению страховых случаев;
- 7) совершать иные действия, предусмотренные правилами страхования.

4. Страховщик обязан:

- 1) ознакомить страхователя с правилами страхования;
- 2) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в размере, порядке и сроки, установленные в настоящем страховом полисе и правилах страхования;
- 3) обеспечить конфиденциальность полученных в результате своей деятельности сведений о страхователе;
- 4) в случае принятия решения об отказе в страховой выплате направить страхователю в письменной форме мотивированное обоснование причин отказа;
- 5) возместить страхователю разумные и целесообразные расходы, произведенные им для уменьшения убытков при страховом случае;
- 6) обеспечить тайну страхования;
- 7) отказываться в страховой выплате в случаях:
 - нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя и (или) бенефициарного собственника в перечне организаций и лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу, а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ФРОМУ);
 - не предоставления Страхователем/ Застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки;
 - когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью ОД и ФТ.

5. Страхователь, подписывая настоящий Договор страхования подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.

6. По всем вопросам, неурегулированным настоящим страховым полисом, стороны будут руководствоваться правилами страхования займов АО «Страховая компания «Евразия»».